# Презинтация на тему: Ғабит Мүсірепов

- Подготовили: Павлова Екатерина Кухта Виктория

# ҒАБИТ МАХМҰТҰЛЫ МҮСІРЕПОВ




қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері.

- 1902 жылы 22 наурызда азіргі Ғабит Мүсірепов атындағы ауылы, Жамбыл ауданы, Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген







- Алғашқыда ауыл молдасынан арабша хат таныған Ғабит жастайынан әуелі екі жылдық ауылдық орыс мектебін, кейін төрт жылдық жоғары басқыш орыс мектебін бітіріп, Қазан төңкерісінен кейін үстемдік алған Кеңес өкіметінің жұмысына әжептеуір орысша сауаты бар адам ретінде араласып, түрлі қызмет атқарады.




Ғ. МҮСІРЕПОВ
АКАДЕМИЯЛЫҚ

# Шығармашылығы

- Алғаш 1925 жылы «Едіге» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды.
- 1928 – 38 жылдары «Қазақстан» баспасында, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде редактор, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты өнер секторының меңгерушісі, Қазақ өлкелік комитеті баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі
- 1938 – 55 жылдары шығармашылық жұмыстармен айналысқан, Қазақстан Жазушылар одағы төралқасының мүшесі
- 1956 – 57 жылдары «Ара – Шмель» журналының редакторы
- 1957 – 62 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы
- 1974 – 75 жылдары ҚазКСР Жоғары Кеңесінің төрағасы

- 1959 жылдан КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарған. Алғашқы «Тулаған толқын» (1928) повесінде 1918 – 1920 жылдардағы азамат соғысы жайы суреттелсе, «Қос шалқар» (1928), «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Туннель» (1930), «Шұғыла» (1935), «Алғашқы адымдар» (1932) әңгімелері қазақ ауылындағы таптық күресті көрсетеді. 1934 жылы «Ананың арашасы» новеллалар циклын жариялады. «Оянған өлке» романында (1953, 1984) революцияға дейінгі Қарағандыдағы қазақ жұмысшыларының қалыптасу процесі суреттелген.

- 1967 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі жарияланды. Мүсіреповтің драмалық шығармалары – «Қыз Жібек» операсының либреттосы (1934), «Амангелді» (1939), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1939), «Ақан сері – Ақтоқты» (1942) пьесалары. КОКП 22-съезінің, Қазақстан Компартиясы 10 – 15-съездерінің делегаты. КСРО Жоғары Кеңесі 5-шақырылымының, ҚазКСР Жоғары Кеңесі 6 – 11 шақырылымдарының депутаты. ҚазКСР Мемлекеттік сыйл. (1970), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1976) лауреаты. 3 мәрте Ленин, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Халықтаралық Достығы ордендерімен, медальдармен марапатталған.




Естелік теңге бөлінген 100 жылдығы туған күннен бастап Ғ.Мүсірепов

- Ол бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, бір рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Екі мәрте Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.



# Ескерткіштер






# Ақын атындағы театр



- 1985 ж. желтоқсанның 31 күні Жаңа жыл қарсаңында Алматы қаласында қайтыс болды